

FTAMP 14.29.29

<https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.07>

Г.С.ШУБАЕВА^{1*}, Ж.С.ОРАЗБЕК¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
galiya.shub@gmail.com, Orazbek.zhansaya1@mail.ru

ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР СӘБИЛІК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Сәбилердің дамуында сөйлеудің алғышарттары ерекше маңызды. Сөйлеуге дейінгі дамудың бұзылуын ерте диагностикалау түзету-дамыту көмегін уақтылы көрсету үшін қажет. Бұл мақаланың мақсаты – орталық жүйке жүйесінің дамуында ерекшеліктері бар балалардың превербальды кезеңінде жүргізілген тексеру және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау. Осы мәселе бойынша әдебиеттерге шолу жасалды. Зерттеудің келесі әдістері қолданылды: анамнез мәліметтерін, клиникалық деректерді талдау; ата-аналарға сауалнама жүргізу; сөйлеу алғышарттарының даму коэффициенті; импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілі алғышарттарының даму қарқынының арақатынасы; оральды праксистің скрининг-диагностикасы. Зерттеу нәтижелері бойынша имитациялық әрекеттің вербалды емес түрінің басымы болуы, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің перинаталды зақымдануы бойынша қатер тобындағы сәбилердің оральды праксис дағдыларының нашар дамығандығы туралы қорытынды жасауға болады. Түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді, содан кейін жоғарыда көрсетілген параметрлер қайта тексерілді. Барлық көрсеткіштердің оң динамикасы байқалды, бұл балаларды ерте дамытудың тиімділігін тағы да бір дәлелі болды.

Түйін сөздер: сәбилер; сөйлеу тілінің алғышарттары; ерте диагностика.

Кіріспе. Қазіргі заманда даму ерекшеліктері бар балаларға ерте жастан арнайы педагогикалық көмек көрсету маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соның ішінде сәбилік шақта ерте диагностика және дамыту жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Баладағы даму аутқулары көбінесе мидың зақымдалуына байланысты болатындығы мәлім, алайда мидың пластикалық қасиеттері баланың жасы неғұрлым кіші болса, соғұрлым жоғары болатындығы да белгілі [1; 2; 3].

Соңғы жылдары нәрестелер арасында орталық жүйке жүйесінің перинаталды патологиясының (ОЖЖ ПП) кездесу жиілігінің артуы байқалып отыр. Қазақстанда 2018 ж. статистикалық мәліметтерге сәйкес 1 жасқа дейінгі 50960 балада жүйке жүйесінің аурулары тіркелген, бұл бір жасқа дейінгі 1000 балаға шаққанда 141,6 құрайды. Перинаталды кезеңде пайда болатын жекелеген жағдайлар анықталған

балалардың абсолюттік саны 67169 құрады, бұл бір жасқа дейінгі 1000 балаға шаққанда 186,7 тең [4].

Осыған орай зерттеу мақсатымыз орталық жүйке жүйесінің дамуында ерекшеліктері бар балалардың превербальды кезеңінде жүргізілген тексеру және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау болды.

Негізгі бөлім. ОЖЖ ПП салдарынан балаларда әртүрлі тараптағы бұзылыстар пайда болуы мүмкін, соның ішінде сөйлеу тілінің қалыптасуындағы аутқулар орын алуы ықтимал. Сөйлеу тілі дамуының бастапқы кезеңдерінде оның алғышарттары пайда болады. Мұндай құралдар «прототіл» деп аталған, оған жататындар: ымдау, қол қимылдары, мимика, вокализация, көзін қарату [5; 6]. Баланың 5-12 айлық жас аралығындағы кезеңді былдырлаудың өркендеуі, канондық немесе қағидалық вокализация кезеңі деп те атайды. Осы кезде былдырлау дыбыстары акустикалық си-

паттамалары бойынша ана тілінің дыбыстарына ұқсай бастайды. Оны әдебиетте канондық былдырлау деген терминмен атап жатады. Ауыздың қатысуымен көру, есту арқылы қабылдау, мануальды әрекет және артикуляция үйлестіріледі. Нейроонтогенез саласындағы мәліметтерге сүйенсек, 6-10 ай жас кезеңінде оральды праксис пісіп жетіледі. Осы уақытта сөйлеу аппаратында ауызша сөйлеу тілін іске асыруға даярлайтын қайта құрылу үдерістері өтеді [7].

Лингвистикалық зерттеу еңбектерінде баладағы имитациялық әрекет ересек адамға қарап дене қалпын, әртүрлі ойындар мен тақпақтарды орындау кезіндегі қимылдарды қайталау қабілеті ретінде қарастырылады. Осындай әрекет балалардың қарым-қатынас жасауға деген қабілетінің дамуының маңызды шарты болып табылады. Оның мынандай құрамдас бөліктерін ажыратуға болады: 1) бейвербальды (қол қимылдары, мимиобелгілер, кинемобелгілер); 2) вербальды (вокобелгілер). Бұл екі компонент бірігіп прототіл жүйесін құрайды.

Ата-аналар баласының былдырлап сөйлегеніне жауап қайтаруға ынталы болуы және еркін ойын жағдайында әлеуметтік кері байланыс реакциясын білдіруі қағидалық былдырлау дамуына қолайлы әсер етеді. Балаларына мұндай қолдау көрсету стратегиясын кеш былдырлай бастайтын сәбилердің ата-аналары толықтай қолданбайтын сияқты [8]. Былдырлау тілі кеш дамыған және минутына айтылатын буын саны аздау болған балаларда кейіннен әр алуан сөйлеу тілі бұзылыстары дамуы мүмкін [9].

Ойын кезінде, әртүрлі тақпақтар айту кезінде ересектерден еріннің, тілдің қимылдарын қайталау – балалардың қарым-қатынас жасауындағы дамудың қажетті алғышарты. Прототіл сатысында сәбилерде біліне бастайтын мимиобелгілер, вокобелгілер баланың сөйлеу әрекетіндегі вербальды мағыналардың бастамасын бақылауға мүмкіндік береді [10].

Ересек адамдар «имитациялық әрекетті» әр жанұяда пайдаланылатын балаларға арналған халық дәстүрінде қалыптасқан ойын, ермек түріндегі тақпақтар

көмегімен ұйымдастырады. Осындай «ұйымдастырылған» қарым-қатынас сәбидің қол қимылдары немесе дауыс белсенділігі түріндегі жауап реакциясын қажет етеді. Психологтар айтып кеткендей, еліктеу актілеріне бір дегеннен қол жеткізу сәтті бола бермейді [11].

Е.В. Колмыкова еңбегінде ерте жастағы балалар туралы, әсіресе нәрестелік кезең туралы айтқанда, вербальды (вербальды емес) қарым-қатынастан ауызша қарым-қатынас құралдарын, яғни сөйлеуді игеруге біртіндеп көшу туралы айтылатынына назар аударады. Сөйлеуге дейінгі қарым-қатынастың дамуын бағалау үшін арнайы параметрлер мен көрсеткіштер қолданылады. Оларға мыналар жатады: бастамашылдық (инициативность), ересек адамның коммуникативті әсеріне сезімталдық және қарым-қатынас құралдарының көрінуі (көз арқылы байланыс, моторлық және эмоционалды жандану, ересек адамның назарын аудару қабілеті) [12].

Бірлескен кітап оқу – бұл балаларының дамуын қолдауға мүдделі ата-аналарға ұсынылатын ең көп зерттелген іс-шаралардың бірі. Үйде өткізілетін ата-аналар мен балалардың басқа іс-әрекеттерімен салыстырғанда, бірлесіп кітап оқу бірнеше тілдік және әлеуметтік-эмоционалды артықшылықтарды біріктіреді. Балаға кітап оқуды сәбилік шақтан, тіпті жүктілік кезеңінен бастаған дұрыс деген зерттеу мәліметтері қазіргі кезде жиі кездеседі [13].

Осы жоғарыда келтірілген мәліметтер сәбилермен жұмыс істеу барысында сөйлеуге дейінгі кезеңде диагностикалық шараларды өткізудің маңыздылығын айғақтайды. Даму аутқуларын ерте анықтау және түзету жүйесі скринингтік тексеруді, дифференциалды диагностиканы және арнайы психологиялық-медициналық-педагогикалық көмекті қамтуы қажет [14].

Әдістері мен оны ұйымдастыру. Зерттеуге жасы 6-9 айлық 20 бала қатысты. Соның ішінде 10 бала бақылау тобын және 10 бала эксперименталдық топты құрады. Анықтау экспериментін жүргізу кезінде келесі әдістер қолданылды:

– анамнез мәліметтерін, клиникалық деректерді талдау;

– ата-анасымен сауалнама жүргізу;

– балалардың сөйлеу алғышарттарының дамуын тексеру:

1) превербальды сөйлеу тілінің даму коэффициентін шығару;

2) импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілі алғышарттарының даму қарқынының арақатынасын анықтау;

3) оральді праксистің скрининг-диагностикасы;

Анамнезге сәйкес балалардың диагнозы 10-шы қайта қарастырылымдағы Халықаралық ауруларының жіктемесі бойынша (ХАЖ-10) «Перинаталдық кезеңде туындайтын жекелеген жағдайлар» XVI бөліміне жатқызылды.

Анамнез мәліметтерін талдау негізінде келесідей қауіп факторлары туралы ақпарат алынды: 1) анасының жүктілігі барысындағы және босану сипатындағы патология (ауыртпалығы бар акушерлік-гинекологиялық анамнез; анасының экстрагенитальды дерттерінің болуы; анасында инфекцияның болуы; босану үдерісін жеделдету) барлық 20(100%) баланың анамнезінде болды; 2) 12(60%) балада артикуляциялық аппараттың анатомиялық құрылысында аутқу болды (жоғарғы ерін асты, тіласты байламдарының қысқаруы; «готикалық» таңдай); 3) «әлеуметтік» жымиюдың (эмоциялық даму кезеңдерінің бірі) қалыптасуының артта қалуы 4(20%) балада болды, бұл әлеуметтік факторға, яғни ата-анасының «эмоционалдық сауаттылығының» төмендігіне байланысты болса керек.

Ата-анасымен жүргізілген сауалнамада келесідей сұрақтар болды: «Сәбиіңіз сіздің сөйлегеніңізге қандай реакция береді?», «Сәбиіңіз жаңа ойыншық көргенде қандай реакция береді?», «Сәбиіңіз қонаққа келген бейтаныс адамды көргенде қандай серпіліс береді?» және т.б. Сауалнама жауаптарын талдау арқылы аналары сәбилерімен қарқынды қарым-қатынаста болғанымен, оның жұпынылау түрде болғанын, бір сарынды екендігін көрсетті.

Сөйлеу тілі алғышарттарының даму коэффициенті есептеу әдістемесі формулаға

негізделді: даму коэффициенті = даму жасы /хронологиялық жас × 100. Даму жасы дегеніміз – баланың функционалды жетілу деңгейі, хронологиялық жас – бұл оның қазіргі кездегі нақты жасы. Егер даму коэффициенті 75-тен аз болса, онда бұл баланың превербальды дамуы оның нақты жасынан артта қалатынын білдіреді. 75-100 аралығындағы даму коэффициентінің көрсеткіштері нормаға сәйкес болып саналады [15]. Баланың функционалды жетілу деңгейін анықтау үшін ерте жастағы баланың эмоционалды-коммуникативті саласының ерекшеліктеріне байланысты логопедиялық тесттер қолданылды, олар балалардың қызығушылығын тудыратын ойын түрінде өткізілді. Тексеру анасының жанында жүргізілді, әдетте анасы баланы тізесіне отырғызды, әйтпесе осы жастағы балаларға тән мазасыздық сөйлеуге деген негативизм тудыруы мүмкін. Баланың даму стандарттарына сәйкестігін толық қамту үшін біз 4-тен 10 айға дейінгі жас аралығын алдық. Көбінесе балалар дамуы жас нормаларынан кешеуілдейді [14]. Превербальды сөйлеу тілінің даму коэффициенті 12(60%) балада норма шеңберінде болды, ал 8(40%) балада нормадан төмен болды, сонда орташа көрсеткіш 80-ге тең болды.

Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілі алғышарттарының даму қарқынының арақатынасын бағалау кезінде нейроонтогенез саласындағы заманауи нормативтік мәліметтер ескерілді. Ол бойынша 6 айдан 9 айға дейінгі балалар экспрессивті сөйлеу тілі көрсеткіштерінің «озуымен» сипатталады. Тексерілген балалардың ішінде 13(65%) балада импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілі қалыпты гетерохрондылыққа сәйкес болды. Қалған 7(35%) балада диссоциация байқалды: импрессивті сөйлеу тілі бойынша 4 балада алға озу және 3 балада осы қызметтердің бірдей дамуы анықталды.

Оральді праксистің скринингтік диагностикасы келесі көрсеткіштерді тексеруді қамтыды:

- «оральді автоматизм» рефлексдерін;
- «тамақпен ынталандыру» сынамаларын;
- еліктеу әрекетінің жағдайын.

Оральды автоматизмді зерттеу тек ему және жұту шартсыз рефлексстерін қолдану арқылы жүргізілді, өйткені рефлексстердің қалған түрлері 6 айға дейін жойылып үлгерген. 3(15%) балада ғана ему рефлексінің шамалы әлсіздігі байқалды, 2(10%) балада жұту кезіндегі анда-санда шашалу түріндегі өзгеріс байқалды, ал қалған балаларда қалыпты болды.

«Тамақпен ынталандыру» сынама-сын орындау үшін тілге аздаған мөлшерде итмұрын шәрбаты бар шпатель тигізеді, сонда тілдің әртүрлі жағына тигізу арқылы тілдің алға, солға/оңға, жоғары қарай қимылдауын ынталандырады және бағалайды. Нәтижесін толық орындады, толық емес орындады, орындай алмады деп тіркейді. Барлық 20(100%) бала тілін алдыға шығара алатындығын көрсетті; тілін сол жағына қимылдатуды 15(75%) бала толық орындап, қалғандары толық емес орындады; оң жағына қозғалтуды 14(70%) бала толық орындап, қалғандары толық емес орындады; жоғары қарай көтеруді 6(55%) бала толық орындады, ал 9(45%) балада тапсырманы толық емес орындау байқалды, нақты айтқанда қимыл дағдысының асимметриясы болды (тілін көтеру кезінде оң/сол жақтарына қарай ығысуы), бұл дистонияға байланысты болса керек. «Тағаммен ынталандыру» сынамасы көрсеткендей, бірқатар балада тіл бұлшық еттерінің жасырын дистониясы анықталды.

Еліктеу әрекетінің жағдайын келесі көрсеткіштер арқылы бағаладық: 1) бейвербальды еліктеу әрекетінің түрі; 2) сөйлеу және сөйлеу қимылдарына еліктей алу қабілеті. Бейвербальды материал варианттары: дәстүрлі ойындар, қол қимылдары, ишараттар — «сау бол», «шапалақ», «ұстап алам», «ұшты-ұшты», «саусақтарың әйбәт» және т.б. Егер бала тапсырманы өзі орындай алмаса, «пассивті» тактиканы қолдану керек (қимылдарды ойын жағдайында бірге орындау).

Сөйлеу және паралингвистикалық еліктеуді тексергенде дыбыстарды, ерін, тіл

қимылдарын қайталауға мән берілді. Қимыл репертуарын баланың жанұясы ұсынғаны жөн.

- еріндерімен «шапалақтау»;
- таңдайын қағу;
- тақпақтарды көп мәрте айтқанда дыбыстарды, буындарды қайталауы, өздігінен вокализация жасауы.

Тексерілген балалардың арасында қол қимылдарын 12(60%) бала қайталады, ауызша сөйлеу материалына еліктеу 3(15%) балада ғана; ересек адамның ерін, тіл қимылдарын 7(35%) қайталауға тырысты; спонтанды вокализация 6(30%) балада анықталды.

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде қалыптастырушы эксперимент жүргізілді, онда келесі шаралар қолданылды:

- 1) Емдік педагогика шаралары:
 - артикуляциялық гимнастика;
 - интонациялық ойындарды пайдалана отырып, вербальды имитациялық әрекетті ынталандыру.
- 2) Ата-аналарға ақпараттық көмек көрсету.

Ерін мен тілдің белсенді қимылдарын ынталандыру гимнастикасы айқын және дәл артикуляциялық кинестезияларды қалыптастыру үшін жүргізілді. Олар ерікті қимылдарды ынталандыруға негізделді: «сүйші», «үрлеші», «түкірші», баланы күлдіру, «тағаммен ынталандыру» және т.с.с. Мысалы, баланы итмұрын шәрбәті жағылған емізікке, шпательге еріндерімен тартылуға ынталандыру. Тағаммен ынталандыру арқылы тілдің белсенді қимылдарын шақырады: 1) еріннің ортасына итмұрын шәрбәтін тигізіп тітіркендіріп, тілін алдыға, жоғар, төмен қимылдатуға, яғни шәрбәтті жалауға тырысуын шақырады; 2) итмұрын шәрбәтін ауыз ұрыштарына тигізіп тітіркендіре отырып, бала тілін бір жағына қимылдатуын шақырамыз. Әр қимылды күні бойы 4-6 реттен бірнеше қайтара, көбінесе тамақтанар алдында қайталайды.

Интонациялық ойындар сәбилердің дауыс реакцияларын, дыбыстық және сөздік

белсенділікті ынталандыруға бағытталады. Келесідей дыбыс эффекттері пайдаланылды: ысқыру, сыбырлау, қырылдау, дала дыбыстарын салу, табиғат құбылыстарының дыбыстарын салу және т.с.с. Әрқайсысынан кейін 1-3 минут үзіліс жасайды, содан соң мимика, сөйлеу, түрлі заттар (суреттер, ойыншықтар, тұрмыстық заттар) көмегімен келесі дыбыстық «бейнені» саламыз. Үзіліс уақыты баланың еліктеу әрекетін жасауына беріледі. Бір сабақ барысында 1-3 дыбыстық импровизациядан артық қолданбаған дұрыс.

Тақпақтарды қолданғанда диагностикалық кешенде пайдаланылғандарын алуға болады. Тақпақ жолдарын оқығанда оның мағынасына сәйкес қозғалыстар жасаймыз. Дауыс ырғағы, екіні көмегімен тақпақтағы бейнелерді барынша дәл келтіруге тырысу керек. Егер жануарлар туралы болса, барлық дауыстық «әрекеттерді» баланың көру аймағында мағынасына сай ойыншықтың пайда болуымен дәл келтіру керек.

Ата-аналарына ақыл-кеңес беру жұмысы жүргізілді, көрсетілген әдіс-тәсілдерді үйретіп, үйде баламен дұрыс орындауына назар аударылды. Сауалнама нәтижелеріне қарай ата-аналарына жеке дара кеңестер берілді, қай тұсына ерекше көңіл бөлу қажеттігі, қосымша қандай жұмыс жүргізу керектігі жайлы. Баласымен қандай ойындар ұйымдастыруға болатыны жайлы әдебиет көздері ұсынылды.

Келесі кезеңде бақылау эксперименті өткізіліп, онда анықтаушы экспериментте қолданылған әдістер қолданылды. Сонда қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде қол жеткізілген көрсеткіштер тіркелді.

Нәтижелері мен пікірталас. Түзету-дамыту жұмысы өткізілгеннен кейін ата-аналармен қайтадан сауалнама жүргізілді, сонда жауаптарының мағынасы тереңдегенін, толығырақ және жан-жақты болғандығын байқадық.

Сөйлеу тілі алғышарттарының даму коэффициенті бақылау экспериментінде 16(80%) балада қалыпты болды, 4 балада

(20%) қалыптыдан төмен болды, орташа көрсеткіші 87,3 тең болды. Сонда едәуір оң динамика байқалды, мұндай нәтиже ерте басталған түзету-дамыту шараларының жоғары тиімділігін айғақтайды.

Сөйлеу тілі алғышарттарының импресивті және экспрессивті компоненттерінің арақатынасында 16(80%) балада қалыпты гетерохрондылық, 4(20%) балада диссоциация анықталды: импресивті сөйлеу тілінің басымдылығы 2 балада және олардың теңдей дамуы 2 балада анықталды.

Сәбилердегі оральды автоматизмді тексеру кезінде де көрсеткіштердің жақсаруы байқалды: бір балада (5%) балада ғана ему рефлексінің шамалы әлсіздігі байқалды және бір балада (5%) балада жұту кезіндегі андасанда шашалу түріндегі өзгеріс байқалды.

«Тамақпен ынталандыру» сынама-сын орындау үшін тілге аздаған мөлшерде итмұрын шәрбаты бар шпатель тигізеді, сонда тілдің әртүрлі жағына тигізу арқылы тілдің алға, солға/оңға, жоғары қарай қимылдауын ынталандырады және бағалайды. Нәтижесін толық орындады, толық емес орындады, орындай алмады деп тіркейді. Барлық 20(100%) бала тілін алдыға шығара алатындығын көрсетті; тілін сол жағына қимылдатуды 15(75%) бала толық орындап, қалғандары толық емес орындады; оң жағына қозғалтуды 14(70%) бала толық орындап, қалғандары толық емес орындады; жоғары қарай барлық бала көтере алды, бірақ 9(45%) балада тапсырманы толық емес орындау байқалды, нақты айтқанда қимыл дағдысының асимметриясы болды (тілін көтеру кезінде оң/сол жақтарына қарай ығысуы), бұл дистонияға байланысты болса керек. «Тағаммен ынталандыру» сынама-сы көрсеткендей, бірқатар балада тіл бұлшық еттерінің жасырын дистониясы анықталды. «Тағаммен ынталандыру» сынама-лары бақылау экспериментінде нәтижелердің біршама жоғарылағанын көрсетті (1-кесте).

«Тағаммен ынталандыру» сынамасын орындау нәтижелері

Тілін қозғалту қабілеті	Дейін			Кейін		
	Толық орындау	Толық емес орындау	Орындай алмау	Толық орындау	Толық емес орындау	Орындай алмау
Алдыға	20(100%)	–	–	20(100%)	–	–
Солға	15(75%)	5(25%)	–	17(85%)	3(15%)	–
Оңға	14(70%)	6(30%)	–	16(80%)	4(20%)	–
Жоғары	11(55%)	9(45%)	–	14(70%)	6(30%)	–

Имитациялық немесе еліктеу әрекетін бақылау экспериментінде тексеру келесідей көрсеткіштермен сипатталды: қол қимылдарын қайталау 15(75%) балада байқалды, ауызша сөйлеу материалына еліктеу 6(30%) балада; ересек адамның ерін, тіл қимылдарын 11(55%) қайталауға тырысты; спонтанды вокализация 9(45%) балада анықталды. Көріп отырғанымыздай, мұнда да біршама оң өзгерістер болған.

Қорытынды. Сонымен, барлық тексеру нәтижелері аз да болса, оң динамиканы көрсетті. Айта кететін жағдай, бейвербальды еліктеу әрекеттерінде жетістіктер вербальдыға қарағанда жоғары болды, бұл сөйлеу тілінің даму тетіктерінің күрделілігіне байланысты болса керек. Осын-

дай салыстырмалы жоғары нәтижелерді жүзеге асыру тек өткізілген түзету-дамыту шараларының тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар осы жас кезеңіндегі мидың пластикалық қасиетінің жоғары екендігінің, жалпы организмдегі даму қарқынының жылдамдығының арқасында мүмкін болды. Жүргізілген зерттеуді аяқтай отырып, келесідей қорытынды шығаруымызға болады: қауіп тобына жататын сәбилік жас кезеңіндегі балалардың сөйлеу тілі алғышарттарының дамуын бағалау бұзылыстарды ерте анықтауға мүмкіндік береді; іріктеп алынған логопедиялық жұмыс шараларын қолдану балалардың осы аясының даму көрсеткіштерін жақсартуға оң әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии: ранняя диагностика и коррекция. – М.: Просвещение, 1992. – 118 с.

[2] Ravi Patel, Tracy Manuck. Perinatal Interventions to Improve Neonatal Outcomes, An Issue of Clinics in Perinatology, Volume 45-2. 1st Edition. – Hardcover ISBN: 9780323584135, eBook ISBN: 9780323584142. – Imprint: Elsevier. – Published Date: 11th May 2018.

[3] Баранов А.А., Намазова-Баранова Л.С., Беляева И.А. и др. Абилизация младенцев с сочетанной перинатальной патологией: возможности персонализации подходов и методов //Вопросы современной педиатрии. – 2019. – № 2. – Т.19. – С.91-100.

[4] Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы. Статистикалық мәлімет. – 2018 [Электрондық ресурсы]: URL: <http://www.rcrz.kz/index.php/ru/statistika-zdravookhraneniya> – 2.

[5] Исенина Е.И. Дословесный период развития речи у детей. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 1986. – 163 с.

[6] Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясы: оқулық – Алматы: ТОО Полиграфкомбинат, 2013. – 300 б.

[7] Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2000. – 240 с.

[8] Lieberman M., Lohmander A., Gustavsson L. Parents' contingent responses in communication with 10-month-old children in a clinical group with typical or late babbling //Clinical Linguistics & Phonetics. – 2019. – Volume 33, Issue 10-11. P.1050-1062. <https://doi.org/10.1080/02699206.2019.1602848>

[9] Overby M., Belardi K., Schreiber J. A retrospective video analysis of canonical babbling and volubility in infants later diagnosed with childhood apraxia of speech // *Clinical Linguistics & Phonetics*. – 2020. – Volume 34, Issue 7. – P.634-651. <https://doi.org/10.1080/02699206.2019.1683231>

[10] Григорян Г.Ф. Особенности развития довербальной речи в логопедии // В сборнике статей V Международной научно-практической конференции: Результаты современных научных исследований и разработок / отв. ред. Г.Ю. Гуляев. – 2018. – С.265-268. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36620037>.

[11] Давидович Л., Ромусик М. Стимуляция речевого развития детей младенческого возраста // Дошкольное воспитание. – 2018. – № 6. – С.32-39. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36528618>

[12] Колмыкова Е.В. Преодоление нарушений коммуникации и ЗРР у детей раннего возраста в рамках системного семейного консультирования // Проблемы речевого онтогенеза и дизонтогенеза: Сб. науч. статей по мат. Всероссийской науч.-пр. конф. (Саратов, СГУ имени Н.Г. Чернышевского, 29 сентября 2017) / науч. ред. В.П.Крючков; ред. сост. Т.А.Бочкарева и О.В.Кощеева. – Саратов: Изд. Саратовский источник, 2017. – 354 с. https://www.sgu.ru/sites/default/files/textdocsfiles/2018/03/05/sbornik_ontogenez.pdf

[13] Kucirkova N., Dale P.S., Sylva K. Parents reading with their 10-month-old babies: key predictors for high-quality reading styles // *Early Child Development and Care*. – 2018. – Volume 188, Issue 2. – P.195-207. <https://doi.org/10.1080/03004430.2016.1211117>.

[14] Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: методические рекомендации / А.К.Ерсарина, Р.К.Айтжанова, А.К.Кенжеева, Д.Р.Юлдабаева, А.Н.Токарева. – Алматы, 2016. – 53 с.

[15] Гофман В.А. Диагностика и формирование предпосылок развития импрессивной стороны речи у детей младенческого возраста с перинатальной патологией ЦНС в условиях лечебно-профилактического учреждения: Дисс. ... к.п.н. – Екатеринбург, 2005.

References

[1] Mastjukova E.M. Rebenok s otkloneniyami v razvitii: rannaya diagnostika i korrekciya. – М.: Prosveshchenie, 1992. – 118 s.

[2] Ravi Patel, Tracy Manuck. Perinatal Interventions to Improve Neonatal Outcomes, An Issue of Clinics in Perinatology, Volume 45-2. 1st Edition. – Hardcover ISBN: 9780323584135, eBook ISBN: 9780323584142. – Imprint: Elsevier. – Published Date: 11th May 2018.

[3] Baranov A.A., Namazova-Baranova L.S., Belyaeva I.A. i dr. Abilitaciya mladencev s sochetanno perinatal'noj patologiej: vozmozhnosti personalizacii podhodov i metodov // *Voprosy sovremennoj pediatrii*. – 2019. – № 2. – Т.19. – С.91-100.

[4] Densauilyk saktaudy damyту respublikalyk ortalygy. Statistikalыk malimet. – 2018 [Elektronдыk resurs]: URL: <http://www.rcrz.kz/index.php/ru/statistika-zdravookhraneniya> –2.

[5] Isenina E.I. Doslovesnyj period razvitiya rechi u detej. – Saratov: Izd-vo Saratovskogo un-ta, 1986. – 163 s.

[6] Dujsenova Zh.K., Nygmetova K.N. Balalar psihologiyasy: okulyk - Almaty: TOO Poligrafkombinat, 2013. – 300 b.

[7] Cejtlin S.N. Yazyk i rebenok: Lingvistika detskoj rechi: Ucheb-noe posobie dlya studentov vysshih uchebnyh zavedenij. – М.: Gumanitarnyj izdatel'skij centr VLADOS, 2000. – 240 s.

[8] Lieberman M., Lohmander A., Gustavsson L. Parents' contingent responses in communication with 10-month-old children in a clinical group with typical or late babbling // *Clinical Linguistics & Phonetics*. – 2019. – Volume 33, Issue 10-11. P.1050-1062. <https://doi.org/10.1080/02699206.2019.1602848>

[9] Overby M., Belardi K., Schreiber J. A retrospective video analysis of canonical babbling and volubility in infants later diagnosed with childhood apraxia of speech // *Clinical Linguistics & Phonetics*. – 2020. – Volume 34, Issue 7. – P.634-651. <https://doi.org/10.1080/02699206.2019.1683231>

[10] Grigoryan G.F. Osobennosti razvitiya doverbal'noj rechi v logopedii // V sbornike statej V Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii: Rezul'taty sovremennyh nauchnyh issledovanij i razrabotok / отв. ред. G.Yu. Gulyaev. – 2018. – С.265-268. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36620037>.

[11] Davidovich L., Romusik M. Stimulyaciya rechevogo razvitiya detej mladencheskogo vozrasta // Doshkol'noe vospitanie. – 2018. – № 6. – С.32-39. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=36528618>

[12] Kolmykova E.V. Preodolenie narushenij kommunikacii i ZRR u detej rannego vozrasta v ramkah sistemnogo semejnogo konsul'tirovaniya // Problemy rechevogo ontogeneza i dizontogeneza: Sb. nauch.statej po mat. Vserossijskoj nauch.-pr.konf. (Saratov, SGU imeni N.G. Chernyshevskogo, 29 sentyabrya 2017) / nauch. red. V.P.Kryuchkov; red. sost. T.A.Bochkareva i O.V.Koshcheeva. – Saratov: Izd. Saratovskij istochnik, 2017. – 354 s. https://www.sgu.ru/sites/default/files/textdocsfiles/2018/03/05/sbornik_ontogenez.pdf

[13] Kucirkova N., Dale P.S., Sylva K. Parents reading with their 10-month-old babies: key predictors for high-quality reading styles //Early Child Development and Care. – 2018. – Volume 188, Issue 2. – P.195-207. <https://doi.org/10.1080/03004430.2016.1211117>.

[14] Sistema kompleksnoj ocenki problem psihosocial'nogo razvitiya detej rannego vozrasta: metodicheskie rekomendacii /A.K. Ersarina, R.K. Ajtzhanova, A.K. Kenzheeva, D.R. Yuldabaeva, A.N. Tokareva. – Almaty, 2016. – 53 s.

[15] Gofman V.A. Diagnostika i formirovanie predposylok razvitiya impressivnoj storony rechi u detej mladencheskogo vozrasta s perinatal'noj patologiej CNS v usloviyah lechebno-profilakticheskogo uchrezhdeniya: Diss. ... k.p.n. – Ekaterinburg, 2005.

Формирование предпосылок речи у детей грудного возраста с особенностями в развитии

Г.С. Шубаева¹, Ж.С. Оразбек¹

*¹Казахский национальный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

В развитии детей грудного возраста предпосылки речи имеют особое значение. Ранняя диагностика нарушений доречевого развития важна для своевременного оказания коррекционно-развивающей помощи. Целью данной статьи является анализ результатов обследования и коррекционно-развивающей работы в довербальном периоде с детьми с особенностями развития ЦНС. Приведен обзор литературы по этой проблеме. Использовались следующие методы исследования: анализ анамнестических, клинических данных; анкетирование родителей; коэффициент развития предпосылок речи; соотношение темпов развития предпосылок импрессивной и экспрессивной речи; скрининг-диагностика орального праксиса. По результатам проведенного исследования можно сделать выводы о том, что имеет место преобладание невербального типа имитационной деятельности, а также скудность навыков, умений, связанных с возможностями орального праксиса у младенцев из группы риска по перинатальному поражению ЦНС. Проведена коррекционно-развивающая работа, после чего повторно исследовались вышеуказанные параметры. Отмечалась положительная динамика почти всех показателей, что еще раз подтверждает эффективность раннего развития детей.

Ключевые слова: дети грудного возраста; предпосылки речи; ранняя диагностика.

Formation of speech prerequisites in infants with developmental disabilities

G. Shubayeva¹, Zh. Orazbek¹

*¹Kazakh National Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

In the development of infants, the premises of speech are of particular importance. Early diagnosis of disorders of pre-speech development is important for the timely provision of correctional and developmental assistance. The purpose of this article is to analyze the results of the survey and the correlation and developmental work in the preverbal period with children with special features of the central nervous system. A review of the literature on this problem is given. The following research methods were used: analysis of anamnestic, clinical data; questioning of parents; coefficient of development of prerequisites for speech; the ratio of the rates of development of the prerequisites for impressive and expressive speech; screening diagnostics of oral praxis. Based on the results of the study, it can be concluded that there is a predominance of the non-verbal type of imitative activity, as well as the scarcity of skills and abilities associated with the possibilities of oral praxis in infants from the risk group for perinatal CNS damage. Correctional and developmental work was carried out, after which the above parameters were re-examined. There was a positive trend in almost all indicators, which once again confirms the effectiveness of early childhood development.

Keywords: infants; speech background; early diagnosis.

Редакцияга қабылданды: 05.10.2021